



**MediaSchool**  
JOURNALISM & COMMUNICATION

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Біріккен Ұлттар Ұйымының 70 жылдығы,  
Бүкіләлемдік радио күніне арналған

**«БОЛАШАҚТЫҢ МЕДИАСЫ:  
НЬЮСОНОМИКА. ҮРДІСТЕР. ЖАҢАЛЫҚТАР»** атты  
II Халықаралық журналистика және коммуникация  
қысқы мектебінің оқу-әдістемелік жинағы

«Тау-Туран» Білім беру-сауықтыру кешені  
Алматы облысы, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағы,  
Қазақстан  
6-8 ақпан 2015 жыл

Учебно-методический сборник  
II Международной Зимней школы журналистики и коммуникации  
**«МЕДИА БУДУЩЕГО: НЬЮСОНОМИКА. ТРЕНДЫ. НОВОСТИ»**,  
посвященной 70-летию Организации Объединенных Наций,  
Всемирному Дню радио

Образовательно-оздоровительный комплекс «Тау-Туран»,  
Алматинская область, Иле-Алатауский Государственный  
Национальный Парк, Казахстан  
6-8 февраля 2015 года

Алматы  
«Қазақ университеті»



Бюро в Алматы



СТВ арнасында деректі бағдарлама жасалды, «Қазақстан» арнасында жеке бағдарлама арналды («Сырғалым»), «Білім», «Мәдениет», «Асыл арна» және «Хабар» арналарында сюжеттер түсірілді, БАҚ беттерінде мақалалар жарияланды. Көркем прозамен шұғылданады, жас ұрпаққа үлгі – тәрбиені насихаттайтын әңгіме, новеллалары республикалық басылым беттерінде жарияланып тұрады.

**Кабылғазина К.**

*Ph.D., ассоцир профессор  
Журналистика факультеті  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

### **БІЛІМ ТӘЖІРИБЕМЕН БЕКИДІ**

Қазақстанның жоғарғы оқу орындарындағы оқыту процесі мүлде басқаша арнаға түсіп, жаппай үдеріске енді. Дамыған елдер оқу үдерісінің қатарына қосылудың басты шарттарының бірі - бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау. Білім мен кәсіби тәжірибеден алғандарын, үйренгендерін қоғамның салаларына пайдалана және сол арқылы үлес қоса алатын ұрпақ дайындап шығару заман талабы. Білім беру саласы – ел дамуының негізгі тірегі болғандықтан, қай мемлекетте болсын бұл түйінді мәсе-лелердің бірі. Елдегі білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі қандай болса, сол мемлекеттің экономикасының деңгейі де сондай болмақ. «Бәсекеге қабілетті экономика бұл ең алдымен кадрлардың бәсекеге қабілеттілігі», - деген болатын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. Сол себептен де жастардың бойында өзіне-өзі сенушілік, барынша мобильді болу, тапқырлық, ақпараттылық, ізденімпаздық, ұйымдастырушылық, қабілеттілік, білімділік, өз бойындағы өнерін қоғам кәдесіне жарата алушылық т.б толып жатқан қасиеттер қалыптасуы тиіс. Оны қалыптастыратын ұстаздар, оқытушы- профессорлар қауымы екені белгілі. Ал, ұстаздардың заманауи талаптарға сәйкес оқытудың инновациялық тәсілдерін ұстанып, ұсынуларының маңызы зор.

Білім көрсеткіштерінің деңгейін анықтағанда міндетті түрде жоғары оқу орындарының сапасы жөнінде сөз қозғалады, яғни жан-жақты жарактандырылған ғылыми орталықтары бар, ғылым негіздерінің барлығын алуға мүмкіндік жасалған жоғары оқу орны болмай тұрып, сапаны арттыра алмайтынымызды өмір өзі көрсетіп отыр. Оқытудың сапасын неғұрлым жақсарту күннен-күнге сұраныс тудырып, дәрістердің мазмұнын арттырудың қажет фактор екендігіне көз жетуде. Өйткені, интерактивті, инновациялық әдіс- тәсілдерді пайдалана отырып оқыту білім сапасын жақсартады. Презентациялық, жеке топтық, дебаттық, баспасөз конференциясы, мәселелік, бағытталған - мәселелік сабақтар сияқты жаңаша пішіндік дәрістер жиі қолданылатын болды. Теориялық дәрістер бір семестр аралығындағы он бес аптаға лайықталған. Лабораториялық сабақтар, тәжірибелік сағаттар және білімді тексеру сұрақтары да қамтылады. Сонымен қатар, студенттердің теориялық білімді меңгеріп қана қоймай оның игерілуіне жағдай жасап, өзіндік жұмыстарды орындауына мүмкіндіктер ұсынылады. Өзіндік жұмыстардың тапсырмалары мен оны орындау талаптары нақтыланды. Студентке пәнді игеру барысында қажетті методикалық нұсқаулар берілді. Мысалы, телерадиохабар жасауға қатысты жаңадан қолданылып жүрген, ұлттық журналистиканың озық әдіс-тәсілдері жиі ұсынылады. Хабардың қызықты мәнді шығуына студенттер өздері ат салысады. Көптеген әдіс, тәсілдер, техникалық «ойнату» тәсілдері, шығармашылық шарықтау, еліктеу, ой-қиялға еркіндік беріледі. Әр журналистің өзіндік пайдаланатын тәсілдері бар, өзіндік мақамы, стилі бар. Хабарлар жасауда қолданылатын әдіс- тәсілдердің қатып қалған формасы, пішіні немесе үлгісі жоқ екені ескертіледі. Ол - журналистің қиялына, ой-өресіне, біліміне байланысты, қоғамдық болмыстардың өзгеруіне байланысты үнемі өзгеріп, жаңғырып, жанданып отыратын нәрсе. Сондықтан, жас журналистер шетелдік, отандық электронды журналистика тәсілдерін мол игеріп, өздерінің өнімдеріне пайдаланып отырулары қажет екендігін, немқұрайлылық, хабар тағдырына жүрдім – бардым қарау, мәні- мағынасы жоқ дүниелерді пайдалану сияқты

әрекеттерге жол бермеу керектігін, жалпы болашақ журналистердің үнемі ізденіс үстінде болуы керек екендіктерін әр дәріс үстінде айтып отыру оларға үлкен көмегін тигізеді. Осыдан барып теориялық білімді кәсіби тәжірибемен ұштастырудың қажеттілігі туындайды.

Аудиториялық, теориялық дәрістерден гөрі тәжірибелік сабақтарға көбірек уақыт бөлу аса тиімді. Телерадио арналармен келісім жасай отырып, хабардың жасалу процесін көрсету, онда жұмыс барысында кездесіп жататын қиындықтар мен қызықты жайлар да жас мамандар үшін үлкен кәсіби мектеп болып табылады. Шетелдік тәжірибеде сабақты табиғат аясында өткізу сияқты тәсілдер де пайдаланылады. Жазғы демалыс алдындағы жиырма күндік тәжірибе болашақ мамандар үшін аздық етеді. Сондықтан, қысқы семестр кезінде де бір айлық тәжірибе өткізу өте тиімді болар еді. Неғұрлым кәсіпорынмен тығыз жұмыс жасалғанда, соғұрлым кәсіби біліктілік молаятыны анық. Берілген білімнің тәжірибемен беки түсетінін өмір өзі көрсетіп отыр.

Шешен тіл, озық, көркем, жатық құрылған тіркестер арқылы көрерменмен тілдесу, көпшілік қауым алдына шығу кез – келген журналистің қолынан келе бермейтін жай. Кейінгі кездердегі жас журналистер арасынан тіл қасаңдығын жиі байқауға болады. Оның себебі – халықтың бай фольклорын пайдаланбайтын, әдебиеттерді аз оқитын лектің пайда болғаны. Көркем әдебиетті оқымаудың, тек интернет пен компьютердің жетегінде кетіп, әдебиет атты теңіздің жағалауын жағалауға да жарамай жүрген жастар көп нәрседен мақрұм қалады. Тіпті кейінгі уақытта грамматикалық жағынан сауатсыз жастар легінің пайда болуы да осы әдебиетті оқымағандықтан. Көркем әдебиетті көп оқығанда жастардың көзде сақтау қабілеті дамып, грамматикалық, орфографиялық тұрғыдан сөйлемдердің құрылымына, сөздердің жазылуына, үндестіктен болатын өзгерістерге көздері жаттығып, қатесіз жазуға дағдыланады. Сондықтан, осындай кемшілігі бар жас журналистер эфирге шықпауы қажет. Ал жоспарлы хабар барысында сол тақырып жөнінде мағлұматтар көп жинап, соған қатысты сөз тіркестерін, жазып алып, қайталап, ойды бейнелеп жеткізуге қатысты тұрақты сөз тіркестерін жаттап алуға да болады. «Сөйлей-сөйлей шешен болады» дегендей хабар жасау барысында көркем және ауыз әдебиеттерін пайдалану қажет. Сонда біртіндеп сөздік қоры молайып, тіл қасаңдығынан айырылуға мүмкіндік табылады.

Кез келген қоғамды журналистикасыз елестету мүмкін емес. Өйткені, қоғамдағы болып жатқан өзгерістер, жаңалықтар, заңдар, ережелер, халыққа осы журналистика арқылы ғана жетеді. Яғни, қоғам мен халықтың, мемлекет пен халықтың арасындағы идеологиялық құрал. Ал, оны жүзеге асырушы, механизмді реттеуші журналистер. Қазақстанда кейінгі кездері журналистік білім беретін оқу орындары көптеп ашылды. Олардағы материалдық, техникалық базаның нашарлығы, ұстаздар сапасы жайлы жиі жазылуда, айтылуда. Оның төрелігін уақыт көрсетер, ал жалпы журналистік білім қандай деңгейде берілуі керек деген өзекті мәселеге ой тоқтата қарау керектігін жиі-жиі айтудың қажеттілігі заман ағымынан туындап отыр.

Журналистика – өнер, ол табиғат сыйы. Кеудесінде осындай, жаза, сөйлей білетін өнері бар адам ғана журналист бола алады. Тек жазудың өзі де аздық етеді. Көзі ашық, көкірегі ояу, жаны сезімтал, әр нәрсеге сараптама жасай алатын, озық ойлылық сияқты қасиеттер де аса қажет. Міне, осындай табиғи, туа біткен талантты оқытудың не керегі бар деген ой міндетті түрде туындайды. Алайда, журналистиканың қалыптасқан теориясын оқыту арқылы – адам бойындағы журналистік қасиеттерді ұштау, қанат бітіру, оның қыр-сырын, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданудың, айтудың, көрсетудің сан амалдарын үйретудің қажеттілігі жоғары.

Ақпарат берудің тәсілдері, көрерменмен, тыңдарманмен, оқырманмен ақпарат құралдарының байланысы, аудиторияны зерттеу, журналистік этика т.б. сияқты көптеген өзіндік ерекшеліктер журналистік білім беруді тереңдете түсуді талап етеді. Алайда, бұл мамандықты меңгеруде тәжірибені молайту жағы басым болу керек екенін өмір көрсетіп отыр. Тәжірибе өткізуге жіберілген студенттерге өндіріс орындары – бұқаралық ақпарат құралдары ұжымдары жете мән бермейді. Алып-кел, барып-кел жұмыстарға жұмсап, материалдарды теруге, көмекшілік қызметтерге пайдалану сияқты жайларды студенттерден де естіп, өзіміз де көріп жүрміз. Бірлі-жарым мақала шығарып, қалған уақыттарын осындай

шаруалармен өткізген әрине, тиімсіз. Студенттің бойындағы жалындаған жалынын, айтайын деген ақиқат ойын пайдалануға көптеген мекемелер құлықсыз. Жігерін жанып, ойына қанат бітіріп, ұшқыр қиялына жөн сілтеп отырғанда ғана жас журналистер қияға қол соза алады. Оқу газеті, оқу телеарнасы, оқу радиостудияларының факультет көлемінде ғана емес, сол жоғары оқу орны көлемінде жұмыс істеп, кәсіби БАҚ өнімдері сияқты күнделікті өнім беріп тұрғанда ғана журналист кәсіби дағдыланады, ал соны ары қарай жетілдіру журналистикасы бұрыннан дамыған мемлекеттер баспасөздерінен, радио телевизияларынан үйрену арқылы шындалады.

Тек жаңалықтар ғана емес, әр түрлі сұхбаттар, репортаждар, суреттемелер, этюдтер т.б. жанрлық тәсілдерді пайдаландыру болашақ журналистер қаламының ұшталуына үлкен әсер жасайды. Сонымен қатар журналистік еркіндікке жол ашу да жастар шығармашылығын алға алып баратын факторлардың бірі. Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің радиостудиясында студенттік шығармашылықтың еркін дамуына жағдай жасалып, олардың үлкен үзіліс кезінде тікелей эфирге шығып, еркін сөйлеуге, пікір білдіруге дағдылануға ұмтылыс жасалуда. Сұхбат ала білу, сұрақ қоюдың тәсілдерін меңгеру сияқты журналистке қажет кәсібилікті меңгеруге талпыныс жасалып отыр. Көптеген БАҚ-тарда бөлім меңгерушілері жас журналистің әкелген мақаласын өз стиліне немесе сол газет-журналдың стиліне түсіріп, шимайлап тастауға құмар. Әрине, әр басылымның өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан ол БАҚ өкілдерін де түсінуге болады. Сол себептен оқу орнында ашылған мамандыққа баулитын, бейімдейтін орындар шәкірттің өз мамандығын еркін меңгеруіне, өз студиясында сөйлеп, аудиториямен қатынас жасап үйренуіне, жастық шақ идеяларын жүзеге асыруына көмегін тигізетіні анық. Оның үстіне оқу газеті, оқу студиялары тек қана сол оқу орны басшыларының сөздері мен суреттерін басумен, сұхбат берумен шектелуі қажет емес. Керісінше студенттік ортаға дендеп еніп, солардың өмірлерімен етене араласқанда студенттік ақпарат құралдарының да рейтингі өседі. Тіпті, дизайнерлік, режиссерлік, редакторлық міндеттердің де қыр-сырын осында үйреніп, үлкен өндіріске жолдама алар болса, нұр үстіне нұр болар еді. Сондықтан, оқу газеті, оқу студияларына кең жол ашылуы қажет. Сонда ғана, журналистік мамандықты толық игеруге, халық көкейінен шығатын «идеология жауынгерлерін» дайындап шығуға әбден болады.

Кейбір жоғарғы оқу орындарында жақсы бір тағылым қалыптасқан. Ол- студенттердің өндірістік тәжірибелерін шетелде өткізу дәстүрі. Шетел радиолары студиялары жоғары деңгейдегі технологиямен жабдықталған. Кез келген мемлекетпен байланысуға, ақпарат таратуға толық мүмкіндік жасалған. Ол жақтағы журналистер кем дегенде 4 тілді білетін, эфирдің қыр-сырын еркін меңгерген мамандар болып шықты. Жедел ақпарат таратудың небір әдіс-тәсілдерін пайдалану биік деңгейде. Олар өздерінің кәсіби шеберліктерін үйретіп, дәрістер өткізеді.

Ал, тәжірибеден тыс уақытта, сенбі, жексенбі күндері ол жаққа тәжірибе өткізуге барған студенттер тарихы өте ертеде қалыптасқан Еуропа мемлекеттерімен танысуға мүмкіндік алды. Мысалы, Франция, Австрия, Люксембург, Германия, Чехия мемлекеттерінің басты қалаларында болған сапар болашақ журналистердің тамаша публицистикалық шығармаларына арқау болары анық. Версаль, Лувр, Наполеонның жеңісіне арналған триумфальды арка, 120 метрлік «Париж сұлуы»- Эйфель мұнарасы, атақты Монпарнас, Венаның әсем парктері, Праганың тарихи замоқтары т.б. толып жатқан сәттер жас журналистерге мол қиял сыйлайды, жастық шақтарының тамаша бір сәті болып естерінде қалады, өмірге құштарлық және күш-жігер береді. Елдердің қаншама қызықты тарихымен танысып, мол мағлұмат жинайды. Ұлттық журналистиканың беделін асқақтатып, аясын кеңейтуге осындай шетелдік тәжірибенің берері мол. Отандық БАҚ редакцияларында тәжірибеден өту бастапқы кезеңде міндетті болғаны абзал. Ал сол алынған тәжірибе, үйренген әдіс-тәсілдерді шетелдік журналистика тағлымдарымен ұштастыра жүргізгеннің пайдасы мол болмаса, зияны жоқ екені айқын. Шетелдік басылымдармен, арналармен байланыстар орнатып, барыс-келіс жасаудың нәтижелі тәжірибе алуға қосары мол екенін

ескеру заман талабы. Сондықтан, болашақ журналистер тәжірибеден мүмкіндік болғанынша шетелдік ақпарат құралдарында өткенінің пайдасы мол. Көзбен көргенді баяндау репортаж жанрын меңгеруге көп көмегін тигізетінін аудиториядан тыс тәсілді пайдаланып сабақ өткізгенде байқадық. Шетелдік БАҚ-тармен келісім шарттар жасасып, оған үздік, болашағынан зор үміт күттіретін студенттерді тәжірибе алмасуға жіберіп отыруды ұйымдастырудың тиімділігі мол. Әсіресе, журналистік мамандық соны қажет етеді.

Жалпы журналистік кәсіпті меңгеру үшін салалық журналистер дайындау да заман талабынан туындап отыр әрі тәжірибемен тікелей байланысты. Экономика жөнінде жазу үшін техникалық және экономикалық теорияны ғана емес, бизнес және қаржы туралы негізгі түсініктерді білуі керек. Ғарыштық өндіріс жөнінде жазу үшін электроникадан, физикадан, тіпті металлургиядан хабары болуы керек. Яғни, өмірдің барлық салаларынан тәжірибе болуы тиіс. Журналист ақпарат көзі мен оқырмандар, көрермендер мен тыңдармандар арасында ақпаратты жеткізуші қызметін атқарады. Ол әр түрлі сала мамандарының күрделі тілде жазылған дүниелерін түсінікті және қызықты түрде халыққа жеткізуі керек. Ақпарат жинау, оны өңдеу, таратуды жақсы меңгеруі тиіс. Заманауи БАҚ-тың журналистері заманға сай болуы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Назарбаев . «Сындарлы он жыл» , А., 2002
2. Н.Назарбаев . «Еуразия жүрегінде» , А., 2005 ж.
3. Модернизация системы образования - главный вектор качественного роста человеческого потенциала, 2012 ж. ғылыми еңбектер жинағы

\*\*\*\*\*



**Шыңғысова Назгул Тұрсынбайқызы** – филология ғылымдарының докторы, профессор, 1971 жылы 14 қазанда Алматы облысы, Райымбек ауданы, Ұзынбұлақ ауылында дүниеге келген.

1989 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсіп, 1995 жылы үздік дипломмен аяқтады. 1995-1998 жылдары аспирантура бөлімінде оқыды. 1999 жылы 10.01.10 – журналистика шифры бойынша «Қазақ теледидары жастар бағдарламасының проблемалары» атты кандидаттық диссертация қорғады. 1999-2001 ж.ж. телевизиялық журналистика кафедрасында оқытушы, 2001-2003 ж.ж. БАҚ менеджменті және жарнама кафедрасында аға оқытушы, 2004 жылдан доцент, профессор м.а. қызметтерін атқарды. 2011-2012 жылдары ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасы меңгерушісінің ғылыми жұмыс, инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары қызметін атқарды, 2013 жылдан бері осы кафедраның меңгерушісі. ҚР ҒБМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2011» грантының иегері. «Қазақстандағы PR мен БАҚ», «ҚазҰУ Хабаршы. Журналистика сериясы» ғылыми жинақтарының авторлар ұжымының мүшесі.

Н.Т. Шыңғысованың ғылыми қызметі Қазақстандағы медиабілім беру, PR-дағы қазіргі технологиялар, коммуникацияның менеджменті мен маркетингі, іскерлік қатынас принциптері, өңірлік БАҚ-ты жетілдіру салаларын қамтиды. Қазақстандағы бірнеше халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың ұйымдастырушысы, шетелдегі халықаралық конференцияларда баяндама жасады. Германия, Нидерланды, Франция, Польшада ғылыми тағылымдамалардан өтті.